

белгілі бір табиғи ерекшелікті немесе халықтың шаруашылық-тұрмыстық өмірін бейнелейді. Зерттеу барысында анықталғандай, топонимдер жүйесі - тек тілдік құбылыс емес, тарихи-мәдени ақпараттың маңызды тасымалдаушысы. Қарнақ өңіріндегі атауларды топонимдік тұрғыдан зерттеу аймақтың этномәдени болмысын айқындауға, оның көне дәуірлерден бері келе жатқан тарихи сабақтастығын ашуға мүмкіндік береді. Олардың қалыптасуы табиғи нысандарға, тарихи оқиғаларға, сауда-экономикалық өмірге және діни орталықтардың дамуына байланысты туындаған. Бұл атаулардың барлығы қазақ халқының дүниетанымдық ерекшелігін, табиғатқа және қоғамға деген көзқарасын көрсете отырып, бүгінгі ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналды.

Сондықтан Қарнақ анамостикасын зерттеу - тек ғылыми мақсат емес, ұлттық мұраны тану мен сақтау жолындағы маңызды қадам.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Төлқожа Жанұзақ., Тарихи жер су аттарының түптөркіні, Алматы, 2010
2. Мұқанов, Р. Түркістан өңірінің тарихы, Алматы, 2013
3. [HTTPS://AIGAK.KZ/2018/03/27/ARNA-PIYAS-TARIH-ZHNE-SABATAS/](https://aigak.kz/2018/03/27/ARNA-PIYAS-TARIH-ZHNE-SABATAS/).
4. Карл Байпаков, Средневековые города Казахстана, Алматы, 2001
5. Сайден Жолдасбайұлы, Қарнақ. Тарихи-мәдени ескерткіштері

БОЗОҚ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тоқтарғазы Ж.Қ.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

toqtargazyzhanerke@gmail.com

Астана қ.

Андатпа

Астана қаласының солтүстік-шығыс бөлігінде, Есіл өзенінің сол жағалауында, Бозоқты көлінің шығыс жағында орналасқан Бозоқ қалашығының ономастикалық табиғаты мен тарихи-мәдени маңызы қарастырылады. Зерттеу барысында қалашық атауының шығу тегі, құрамындағы компоненттердің мағынасы, сондай-ақ өңірдегі тарихи топонимдермен байланысы талданады. Бозоқ қалашығының тарихи кезеңдері, оның археологиялық құрылымдары мен қоршаған табиғи-географиялық ортасы зерттеу нысаны болып табылады. Мақалада қалашықтағы тұрғын үй, өндірістік және мәдени нысандар, қорғаныс бекіністері, егіншілік пен суармалы жүйелер, сондай-ақ діни-ғибадаттық орындардың рөлі сипатталады. Археологиялық табылулар арқылы Бозоқ қаласының ортағасырлық өмір салты, әлеуметтік-экономикалық, әскери және рухани ерекшеліктері талданып, оның Қазақстан аумағындағы тарихи сабақтастығы мен этникалық мәдени жүйеде алатын орны айқындалады. Аймақта кең таралған топонимдердің егіншілікке қатысты, гидронимдік, фитонимдік және шаруашылық сипаттағы атаулар екені дәлелденеді. Сонымен қатар мақалада қалашық атауының, гидронимдердің және жер-су нысандарының топонимдік мәні қарастырылады. Бұл деректер Бозоқ қаласының ортағасырлық әкімшілік, сауда, әскери және діни орталық ретінде қалыптасуын, сондай-ақ қазіргі Астана қаласының тарихи негізін түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу ономастикалық, тарихи, археологиялық және мәдени тәсілдер арқылы қалашық пен аймақ тарихын кешенді сипаттауға бағытталған. Археологиялық табылулар мен ономастикалық деректердің интеграциясы Бозоқ қалашығын тек археологиялық ескерткіш ретінде емес, тарихи-мәдени, рухани және әлеуметтік-экономикалық орталық ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қалашық пен оның қоршаған табиғи-географиялық ортасының өзара байланысы зерттеліп, Бозоқтың Еуразияның ортағасырлық дала белдеуі тұрақты поселкелерінің ерекше түрі ретінде қалыптасқанын дәлелдейді.

Кілт сөздер: Бозоқ, ономастика, Астана, топоним, гидроним, археология, тарихи-ономастикалық жүйе, ортағасыр, мәдени-тарихи мұра.

Аннотация

Рассматривается ономастический характер и историко-культурное значение Бозокского городища, расположенного в северо-восточной части города Астаны, на левом берегу реки Ишима, к востоку от озера Бозок. В ходе исследования анализируются происхождение названия городища,

значение его компонентов, а также связь с историческими топонимами региона. Исторические этапы Бозокского городища, его археологическая структура и природно-географическая среда являются объектом исследования. В статье описываются жилые, производственные и культурные объекты городища, оборонительные сооружения, сельскохозяйственные и ирригационные системы, а также роль религиозно-культурных объектов. Археологические находки позволяют проследить средневековый образ жизни, социально-экономические, военные и духовные особенности Бозока и определить его место в исторической преемственности и этнокультурной системе Казахстана. Доказано, что широко распространённые топонимы региона имеют аграрное, гидронимическое, фитонимическое и хозяйственно-культурное значение. Кроме того, в статье рассматривается топонимическое значение названия городища, гидронимов и географических объектов. Эти данные позволяют понять формирование Бозокского городища как административного, торгового, военного и религиозного центра средневековья, а также исторические основания современной Астаны. Исследование направлено на комплексное описание истории городища и региона с использованием ономастического, исторического, археологического и культурного подходов. Интеграция археологических находок и ономастических данных позволяет рассматривать городище Бозок не только как археологический памятник, но и как историко-культурный, духовный и социально-экономический центр. Кроме того, исследуется взаимосвязь городища с окружающей природно-географической средой, что подтверждает, что Бозок сформировался как особый тип постоянного поселения средневековой евразийской степной зоны.

Ключевые слова: Бозок, ономастика, Астана, топоним, гидроним, археология, историко-ономастическая система, средневековье, культурно-историческое наследие.

Abstract

The onomastic nature and historical-cultural significance of the Bozoq settlement, located in the northeastern part of Astana, on the left bank of the Yesil River, to the east of Bozoq Lake, are examined. The study analyzes the origin of the settlement's name, the meaning of its components, and its connection with the historical toponyms of the region. The historical periods of Bozoq, its archaeological structures, and the surrounding natural-geographical environment are the objects of the research. The article describes residential, production, and cultural structures, defensive fortifications, agricultural and irrigation systems, as well as the role of religious and ritual sites. Archaeological findings allow tracing the medieval lifestyle of Bozoq, its socio-economic, military, and spiritual characteristics, and highlight its place in the historical continuity and ethnocultural system of Kazakhstan. It is demonstrated that widely spread toponyms in the region have agricultural, hydronymic, phytotoponymic, and economic-cultural significance. Furthermore, the article examines the toponymic significance of the settlement's name, hydronyms, and geographic objects. These data help to understand the formation of Bozoq as an administrative, trade, military, and religious center in the Middle Ages, as well as the historical foundations of modern Astana. The study aims to provide a comprehensive description of the settlement and regional history using onomastic, historical, archaeological, and cultural approaches. The integration of archaeological findings and onomastic data allows the Bozoq settlement to be viewed not only as an archaeological monument but also as a historical-cultural, spiritual, and socio-economic center. Additionally, the relationship between the settlement and its surrounding natural-geographical environment has been studied, confirming that Bozoq developed as a distinctive type of permanent settlement in the medieval Eurasian steppe zone.

Keywords: Bozoq, onomastics, Astana, toponym, hydronym, archaeology, historical-onomastic system, Middle Ages, cultural-historical heritage

Кіріспе

Қазақстан аумағындағы жер-су атаулары халықтың этникалық жадын сақтайтын, мәдени-тарихи ақпаратты ғасырлар бойы жеткізетін маңызды тарихи дереккөздердің бірі болып табылады. Топонимика география, тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарының деректеріне сүйеніп, өзара байланыста дамиды. Кез келген аумақтың географиялық атауларының жиынтығы сол жердің топонимиясын құрайды. Қазақ ономастикасының құрамдас бөлігі, яғни топонимдер халқымыздың ғасырлар бойы жүріп өткен жолының құндылықтарын бойына сіңірген тілдік жәдігерлерді зерттейді. Күнделікті өмірде мыңдаған топонимдер тілдік қолданыс барысында қарым-қатынасқа түсіп, әрбір адамның өмірінде белгілі дәрежеде қызмет атқарады.

Астана қаласының аумағындағы тарихи ономастикалық нысандардың ішінде ерекше орын алатын ескерткіштердің бірі - Бозок қалашығы. Қазіргі Елорда территориясы байырғы дәуірлерден бері адамның қоныстануына қолайлы аймақ болғандықтан, бұл-өңірдің топонимиялық жүйесі өте күрделі әрі көпқабатты. Осы аймақтағы көне атаулар табиғат, шаруашылық, тайпалық құрылым, географиялық ерекшелік, мәдени-рухани ұғымдармен тығыз байланысты. Бозок атауы да осы көп қабатты

ономастикалық жүйенің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Бозоқ қалашығының ономастикалық табиғаты ерекше мәнге ие. Қалашық атауының өзі тікелей қазақ тіліндегі “боз” (сұр) және “оқ” (қару, оқ-дәрі) сөздерінен қалыптасуы мүмкін деген пікір бар. Кейбір деректерде “Бозоқ” атауы көне түркі тілінде әскери бекініс немесе қоныс мағынасын білдіреді деп қарастырылады. Қалашық шеті, Қышқала, Қаратау беткейі сияқты жерлердің атаулары табиғи және географиялық ерекшеліктерді көрсетсе, Қарақұм, Ақкөл сияқты өзен-көл атаулары түс пен табиғи элементке байланысты берілген. Сонымен қатар, кейбір қорымдар мен қорғандардың атаулары (мысалы, Инжу қорымы) археологиялық табылған заттар немесе белгілі адамдармен байланыстырылып, тарихи-мәдени ономастикалық жүйеге кірген. Қалашық ішіндегі көшелер мен аймақ атаулары көбінесе сол кездегі әлеуметтік немесе әскери қызметке қатысты: «Бек», «Қорған» сияқты терминдер кеңінен қолданылған. Осы мақалада Бозоқ қалашығының топонимикалық табиғаты мен тарихи-мәдени мәні зерттеліп, қалашық атауының шығу тегі, құрамындағы компоненттердің мағынасы, жер-су және қорым атауларының тарихи сабақтастығы қарастырылады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеуде ономастикалық талдау, топонимдік жіктеу, салыстырмалы тарихи әдістер, тілдік-этнографиялық зерттеулер және археологиялық деректерді кешенді пайдалану қолданылды. Зерттеу барысында қалашық атауының шығу тегін анықтау үшін көне түркі тіліндегі лексикалық негіздер, сөздік қорлар және этимологиялық еңбектер қолданылды. Сонымен қатар, қалашыққа қатысты тарихи жазбалар, араб, парсы, моңғол және қытай деректері қарастырылды, бұл топонимдердің тарихи мағынасын нақтылау үшін маңызды болды. Ономастикалық талдау жүргізу барысында қалашық атауының құрылымын морфологиялық, семантикалық және фонетикалық талдау әдістері арқылы зерттеу жүзеге асырылды. Зерттеуші қалашық атауының құрамындағы әрбір компоненттің мағынасын, оның тарихи-географиялық контекспен байланысын анықтады. Сонымен қатар, қалашықтың құрылымындағы жер-су нысандарының, қорымдардың, суармалы жүйелер мен қорғаныс бекіністерінің атаулары да зерттеліп, олардың тарихи-этнографиялық мәні талданды. Топонимдік жіктеу әдісі бойынша деректер бірнеше топқа бөлінді: гидронимдер (өзен, көл, бұлақ атаулары), фитонимдер (өсімдікке қатысты атаулар), аграрлық топонимдер (жер егістігі, шабындық, суару алаңдары), сондай-ақ мәдени-тарихи атаулар (қорым, кесене, киелі орындар) қарастырылды. Бұл жіктеу қалашық пен аймақтың тарихи-ономастикалық жүйесін жан-жақты сипаттауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы тарихи әдістер қалашық атауларын көрші өңірдегі ортағасырлық қалалар мен бекіністердің атауларымен салыстыруға бағытталды. Мұнда Орталық Азия, Қыпшақ даласы, Алтын Орда кезеңіндегі жазба деректер және археологиялық материалдар негізге алынды. Археологиялық деректерді пайдалану зерттеу үшін негізгі ақпарат көзі болып есептелді. Бозоқ қалашығынан жүргізілген қазбалар нәтижесінде табылған құрылымдар (тұрғын үйлер, қорғаныс бекіністері, некропольдер, суармалы жүйелер), сондай-ақ жәдігерлер (қола бұйымдар, әшекейлер, діни құралдар) зерттелді. Бұл деректер қалашық атауының мағынасы мен оның тарихи-әкімшілік, әскери, шаруашылық және рухани қызметтері арасындағы байланысты дәлелдеуге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында заманауи географиялық ақпараттық жүйелер (ГИС) және аэрофототүсірілімдер қолданылды. Бұл әдістер қалашық құрылымын кеңістікте нақты көрсетуге, оның қоршаған табиғи ортасымен байланысын анықтауға, сондай-ақ археологиялық қазбалар мен топонимдік деректерді үйлестіруге көмектесті. Сонымен қатар, деректерді талдау үшін архив материалдары, тарихи карталар, тілдік корпус пен әдеби көздер қолданылды. Архивтік деректер топонимдердің тарихи өзгерістерін және олардың қазіргі заманғы эквиваленттерін анықтауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Бозоқ қалашығы Астана қаласы аумағындағы ең маңызды ортағасырлық археологиялық және ономастикалық нысан болып табылады. Оның атауы-көне түркі тіліндегі екі компоненттен тұрады: «боз» боз дала, ашық түсті жер, «оқ» тайпа немесе ру бірлестігі. Бұл атау тек географиялық ерекшелікті емес, сондай-ақ аймақта өмір сүрген тайпалар мен көне түркі саяси-әкімшілік құрылымын көрсетеді. Ортағасырлық деректер бойынша, көне түркілер мемлекеті үш бөлімге бөлінген: орталық - Орду, шығыс - Бозоқ, батыс - Үшоқ. Сол себепті Бозоқ атауы қалашықтың сол дәуірде шығыс әкімшілік-әскери бөлігін білдіретінін көрсетеді.

Археологиялық зерттеулер көрсеткендей, қалашық үш негізгі кезеңде дамыған:

VIII-IX ғасырлар - көне түрік дәуірі. Бұл кезеңде қалашық әскери орда ретінде қызмет еткен. Табылған алаңдар, үш-төртбұрыш формасындағы құрылыстар, қорғаныс бекіністері осы дәуірдің әскери құрылымын көрсетеді.

X-XII ғасырлар- Қыпшақ дәуірі. Қала айналасын қоршаған орларды қайта қазып, ішкі алаңдарды саз балшықпен әрлеген. Суармалы егістік, бақша және арық жүйелері пайда болған. Бұл кезеңде қалашық сауда мен ауыл шаруашылығы орталығына айналды.

XIII-XIV ғасырлар -Алтын Орда дәуірі. Қалашық діни орталыққа айналып, кесенелер мен мазарлар салынды. XIII-XV ғасырларда қалашық киелі орын ретінде қарастырылып, ақсүйектерді жерлеу орны болды. [3.103 б]

Археологиялық қазбалар барысында табылған жәдігерлер Бозоқ тұрғындарының тұрмысын, мәдениетін, әскери дайындығын көрсетеді. Мысалы, ең танымал табылған жәдігер -«Инжулі әйел» (Инжу) қабірі. Бұл қабірден қола айнасы бар былғары қалта, інжу тізбектері, күміс білезіктер, матамен қапталған бас киім табылды. Зерттеу нәтижесінде ол шамамен 50 жасында болған, моңғол тегінен шыққан, қаруланған әйел екенін анықтады. Сонымен қатар балалардың жерлеу орындары табылды, оның ішінде кеудесінде күміс тиыны бар ұл бала да бар. VIII-IX ғасырларға жататын ғұрыптық жерлеулер де зерттелді. [1.11-12 б] Бозоқ қалашығының орналасуы стратегиялық маңызды болған. Есіл мен Нұра өзендерінің сағасындағы Бозоқты көлі және Қараөткел өткелі арқылы өтетін керуен жолдарын бақылауға мүмкіндік берген. [3.112 б] Қалашықтың батпақты жерде орналасуы оны әскери қорғаныс тұрғысынан тиімді еткен. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолының тармақтарының торабында орналасуы халықаралық саудаға қолайлы болғанын дәлелдейді. Қала болған, бірақ сақталмаған. Аэрофототүсірілімдерде Бозоқтан екі шақырым оңтүстікте, қазіргі Қорғалжын трассасы бойында, Ақышев «керуен сарай» деп атаған құрылымдардың орны көрінеді-керуендер тоқтайтын орын. Болжам бойынша, негізгі қала дәл қазіргі Астана тұрған жерде болған. Кеңес дәуіріндегі зерттеушілердің мақалаларында айтылғандай, Целиноградтың құрылысы кезінде Есілдің оң жағалауындағы жардан қыш құбырлар табылған. Бұл сол жерде су құбыры болғанын көрсетеді, бірақ ол біздің заманымызға жетпеген. Бозоқ қалашығының ономастикалық мәні де ерекше. Бұзықты көлі, Қараөткел, Есіл, Нұра сияқты гидронимдер қалашықпен тығыз байланыста болып, аймақтың тарихи-ономастикалық картасын құрайды. Бұл атаулар тек географиялық белгілер емес, сонымен қатар этникалық, мәдени және діни тарихтың сақталу факторы болып табылады. [2.3-4 б] Геостратегиялық фактор мекенді таңдауда негізгі рөл атқарған. Ұлы Жібек жолы қалаларын Батыс Сібір қалаларымен байланыстыратын ең қысқа жол да Есілдің жоғарғы ағысымен өткен. Жазба деректерде бұл меридиандық сауда жолының атауы Ханжол деп көрсетіледі. Мұнда, Бозоққа жақын бекіністе, осы ағындарды бақылау және реттеу мүмкін болған. Осылайша, Бозоқ қонысы экономикалық және саяси жағынан стратегиялық тиімді жерде орналасқан. [5.5 б]

Археологиялық қазба деректеріне келетін болсақ, 1999 жылдан бері Астана қаласының оңтүстігінде орналасқан ортағасырлық Бозоқ қалашығында ескерткіш Есіл өзенінің сол жағалауындағы батпақты аймақта орналасқан. Оның қирандылары Бозұқты көлінің шығыс жағалауында 800×400 м аумақты алып жатыр (1-сурет), осы уақытқа дейін 11 маусымда 8 000 м² жер қазылып зерттеліп, ортағасырлық 10 тұрғын үй, 5 мавзолей мен 2 кірпіш пештің қалдықтары, XIII-XVI ғасырларға жататын 62 жерлеу орны және қорғаныс құрылыстарының архитектурасы анықталған.[6. 2 б] Ескерткіш күрделі және көпқұрамды болып шықты; ол әр дәуірдің өндірістік, тұрғын және культтік құрылыстарынан тұрады (2-сурет). Нысанның кеңістіктік құрылымында төрт бөлік бар: бірінші және ең ежелгісі -орлар мен дуалдармен қоршалған шаршы пішінді үш алаң.Солтүстікте құдық пен көлден тартылған арығы бар жер үйлер кешені орналасқан. Бұл ескерткіштің екінші құрамдас бөлігі; орталық алаңдардың оңтүстігінде Бозоқ некрополи орналасқан -бір мавзолейдің қалдығы, кірпіш күйдіретін пеш және XIII-XVI ғасырдағы мұсылман жерлеулері бар, бұл археологиялық ескерткіштің үшінші бөлігі. Ескерткіштің шығысы мен солтүстігінде тұрғын аймақ шекарасын кеңейтетін агросуару жүйесі бар, оның солтүстік-оңтүстік бағыттағы ұзындығы Бозұқты көлінің шегінен аспайды, суару жүйесі Бозоқ ескерткішінің төртінші құрылымдық бөлігі болып табылады.[6.3 б] Ең үлкен және негізгі қала элементі - солтүстік квартал, оған шығыс және оңтүстік жағынан қосымша екі квартал тіркелген.(3-сурет) .Солтүстік кварталдың ішкі алаңы, ауданы 1200 м²-ден астам, барлық жағынан биік дуал, терең әрі кең арық, ағаш қоршаумен қоршалған. Оңтүстік бөлігінің ортасында 2,3 м ені бар кіреберіс бар. Алаң ортасында киіз үй пішінді құрылыс орналасқан. Шығыс жағынан 2 м қашықтықта ағаш “бағана” қазылған. Киіз үй пішінді құрылыс екі қатардан тұратын, жұптап қазылған ағаш бағаналармен қоршалған. Кіреберістен бірінші қатар қысқа, батыс пен шығыс арқылы өтуге болады; екінші қатар алаңның шетінен шетіне дейін созылып, киіз үйге өтуге арналған “қақпа” ретінде қызмет атқарған. Киіз үй пішінді құрылыс ортасында қолдары кесілген және ығыстырылған адамның ритуалдық жерлеуі табылған. Солтүстік кварталдың төменгі құрылыс горизонты оны қасиетті жер және белгісіз рәсімдер өткізу орны ретінде пайдаланылғанын көрсетеді. Жоғарыда табылған ритуалдық жерлеу солтүстік кварталдың культтік мақсатының бар екендігін растайды.[6.8 б]

Археолог Кемел Ақышевтың еңбегінде көп қарастырылған болаиын. 1998 жылы Бозок қаласының орнын тапқан, 1999 жылы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген. Ақышев Бозок қалашығының құрылымын, қорғаныс бекіністерін, ирригациялық жүйелерді зерттей отырып, қалашықтың тарихи мәнін толық ашты. Оның зерттеулері Бозокты тек археологиялық қазба ретінде емес, тарихи-ономастикалық жүйенің маңызды нысаны ретінде көрсетуге мүмкіндік берді. Бозок қалашығының жалпы көрінісін алғашқы рет қайта құрастыруды жасаған. (4-сурет) [7.7 б]

Бұл мақалада Бозок қалашығының Астана қаласы аумағындағы тарихи-ономастикалық мәні жан-жақты зерттелді. Біріншіден, қалашық атауының шығу тегі -көне түркі тіліндегі «боз» (боз дала) және «оқ» (тайпа, ру бірлестігі) компоненттері арқылы анықталды. Бұл атау қалашықтың географиялық ерекшелігі мен тарихи-әкімшілік қызметін көрсетеді.

Екіншіден, археологиялық қазбалар нәтижесінде қалашықтың құрылымы, қорғаныс бекіністері, тұрғын үй және мәдени нысандары сипатталды. Бозок қалашығы үш негізгі кезеңге бөлінді: VIII-IX ғасырларда - көне түрік дәуірінің әскери ордасы; X-XII ғасырларда -Қыпшақ дәуіріндегі егіншілік, суармалы жүйелер мен тұрғын тұрақтары; XIII-XIV ғасырларда -Алтын Орда дәуірінде діни орталық және киелі орын ретінде қолданылуы.

Үшіншіден, табылған жәдігерлер сипатталды. Оларға «Инжулі әйел» қабірінен табылған інжу тізбектері, қола айнасы бар былғары қалта, күміс білезіктер, матамен қапталған бас киім, сондай-ақ балалар мен ұл баланың күміс тиынды жерлеулері, VIII-IX ғасырларға жататын тұрыптық жерлеулер жатады. Сонымен қатар, Бозок қалашығының ирригациялық жүйесі мен суармалы егістік мәдениеті сипатталды.

Төртіншіден, Бозок қалашығының орналасуы мен стратегиялық маңызы баяндалды. Есіл мен Нұра өзендерінің сағасында, Қараөткел өткелі арқылы өтетін керуен жолдары бойында орналасуы қалашықты сауда, әскери бақылау және діни мақсатта маңызды еткен.

Бесіншіден, мақалада қалашықтың ономастикалық жүйесі мен гидронимдер Бұзықты көлі, Қараөткел, Есіл, Нұра қалашықтың тарихи-ономастикалық кеңістігін құрап, аймақтың этникалық, мәдени және діни ерекшеліктерін көрсететіні атап өтілді.

Бірінші және алғашқы төрт жылдық қазба жұмыстарының нәтижесінде Бозок - Еуразияның дала белдеуі ортағасырлық тұрақты поселкелерінің ерекше түрі екені белгілі болды. К.А. Акишев пікірінше, Бозок қалашығы тарихи және мәдени маңызы ерекше нысан болып табылады, оның мәні - Бозоктың Ақмола-Астана-Нұр-Сұлтан қаласының тікелей атасы болуы. Сондықтан оны астананың тарихи аймағы ретінде сақтау маңызды, бұл орынның мың жыл бұрын қала құрылысы үшін таңдалғанын көрсетеді.

2002 жылы археологиялық нысанның маңыздылығын негіздей отырып, К.А. Акишев былай жазған: «Бозок-ордакент типіндегі қала-қамал, билеушінің маусымдық әкімшілік резиденциясы және әскери ставка, киелі жерде пайда болған. Ол Қытайды Ресей мен Византияға жалғастыратын Дала Жібек жолының бойында орналасқан, керуендер мен саяхатшылардың аялдауы мен түнеу орны болып қызмет еткен, сирек қоныстанған далада маңызды географиялық ориентир болып саналатын» Сонымен, мақала Бозок қалашығының тарихи-ономастикалық табиғаты, археологиялық табылулары, құрылымдық ерекшеліктері, жәдігерлері, стратегиялық орны және ономастикалық жүйесі бойынша жинақталған толық мәліметтерді қамтиды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмысы бойынша мақала Бозок қалашығының тарихи-ономастикалық, мәдени және археологиялық маңызын жан-жақты ашуға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында Бозок атауының көне түркілердің саяси-әкімшілік жүйесімен сабақтас екені, оның шығу тегінде табиғи-географиялық сипаттың, этникалық және мәдени мазмұнның бар екені анықталды. Бұл атау Астана өңіріндегі топонимдік жүйенің маңызды элементі болып табылады және өңірдің тарихи сабақтастығын көрсететін сенімді дерек болып саналады. Бозок қалашығы археологиялық тұрғыдан да, ономастикалық тұрғыдан да аса құнды тарихи нысан болып табылады. Археологиялық қазбалар оның үш негізгі кезеңге бөлінетінін көрсетті: VIII-IX ғасырларда-көне түрік дәуірінің әскери ордасы; X-XII ғасырларда-Қыпшақ дәуіріндегі тұрғын тұрақтар, егіншілік және суармалы жүйелер орталығы; XIII-XIV ғасырларда-Алтын Орда дәуірінде діни орталық және киелі орын ретінде қолданылуы. Бұл үш кезең қалашықтың Қазақстанның ортағасырлық мәдениетімен, түркі және қыпшақ мемлекеттілігімен тығыз байланысын айқындайды. Бозоктың сакралды орталыққа айналуы-оның аймақтың рухани өміріндегі ерекше орнын көрсетеді және ономастикалық атаулардың киелі кеңістікті белгілеу функциясын растайды. Сонымен қатар, қалашықтың гидронимдер мен жер-су атауларымен тығыз байланысы (Бұзықты көлі, Қараөткел, Есіл, Нұра) оның стратегиялық, экономикалық және әлеуметтік маңызын айқындайды. Бұл деректер Бозок қалашығының тек тарихи және археологиялық ескерткіш

кана емес, сондай-ақ ортағасырлық әкімшілік, сауда, әскери және діни орталық ретінде қызмет еткенін дәлелдейді. Бозоқ қалашығының зерттелуі қазіргі Астананың қалыптасу тарихын, елорданың урбанизация процесін, сондай-ақ түркілік мемлекеттік дәстүрінің тарихи сабақтастығын түсінуге мүмкіндік береді. Археологиялық материалдар, археономастикалық деректер және гидронимдер арқылы қалашықтың әлеуметтік құрылымы, тұрғындардың тұрмыс-салты, экономикалық және мәдени өмірі жан-жақты көрініс табады. Сонымен қатар, Бозоқ зерттеулері Қазақстанның ортағасырлық дала белдеуі тұрақты поселкелерінің ерекшеліктерін ашуға, қалалық құрылыс және қорғаныс жүйелерін сипаттауға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, Бозоқ қалашығының ономастикасы мен археологиялық табылулары Қазақстан тарихын, Астананың қалыптасу жолын, түркілік мемлекеттік дәстүрін түсіну үшін маңызды ғылыми база болып табылады. Бұл нысан қазіргі елорданың тарихи бастауын айқындап, өңірдің мәдени-рухани келбетін байытады. Бозоқ атауы-өткен мен бүгінді байланыстыратын тарихи көпір, ол тек ғылыми зерттеу үшін ғана емес, сонымен қатар музейлендіру, білім беру, туризм және мәдени-рухани бағыттағы жұмыстар үшін де маңызды нысан болып қала береді. Сонымен қатар, Бозоқ қалашығының кешенді зерттелуі аймақ тарихын, археологиялық мұраларын, ономастикалық дәстүрлерді сақтау және оларды қоғамға насихаттау үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл зерттеу нәтижелері тек Астана қаласының тарихи картасын толықтырып қана қоймай, бүкіл Қазақстан аумағындағы ортағасырлық мәдени және тарихи жүйелерді зерттеуге үлгі болып табылады. Бозоқ -өткен мен қазіргі заманның арасындағы көпір, ол ғылыми тұрғыдан ғана емес, мәдени және рухани тұрғыдан да ерекше құндылыққа ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хабдулина М.К. Новые открытия в археологии Дешт и-Кыпчака // Алматы: научная статья , 2011.- 24С
- 2.Марал Хабдулина мен Татьяна Кошман. К.А. Ақышев о создании музея-заповедника Бозок//Алматы: научная статья , 2022.-11С
- 3.Хабдулина М.К., Гаврилов Д.А. Бозок - средневековое городище на реке Ишим (Орталық Қазақстан) //Алматы: книга, 2023 ,360С
4. Әйгерім Жүсіпова. Ежелгі Астана және Кемел Ақышев. статья, <http://E-History.kz>,2018
- 5.Khabdulina, M., Pleugabulov, D., & Orazbayeva, Z. Bozok - the Turkic Cult Center in Central Kazakhstan //Астана: Anthropologist журналы,2016,8С
6. Khabdulina, M. Cult center of ancient Turks on the territory of central Kazakhstan (Bozok). //Астана: мақала, 2013,16С
7. Maral Khabdulina. The history of the creation of the museum-reserve “Bozok”//Астана:мақала,2022,14С

ЕРТІС БОЙЫНДАҒЫ ҚИМАҚ ҚАЛАЛАРЫ

Тұрсынұлы Б.

Ғылыми жетекшісі: Астана халықаралық университетінің аға оқытушысы,
PhD - Молдахмет А.А.
tursunbeibarys@gmail.com
Астана қаласы

Аңдатпа

Қимақ қағанаты VIII ғасырдың соңы мен XI ғасырдың басында өмір сүрген. Оның жері қазіргі Қазақстанның шығыс және солтүстік-шығыс бөліктерін қамтыған. Қимақтардың негізгі мекені - Ертіс өзенінің бойы болған. Сол жер Қимақ қағанатының саяси, экономикалық және мәдени орталығы саналған екен. Қимақ мемлекетінің құрамында алғашында жеті тайпа болған, кейін он екі тайпаға дейін көбейген. Қимақтардың астанасы Имақия (немесе Имақ) деп аталған. Бұл қала Ертіс өзенінің орта ағысы маңында орналасқан және елдің басты орталығы болған. Ертіс өзені қимақтар үшін өте маңызды болды. Өзен бойында көптеген қалалар мен қоныстар пайда болды. Олар арқылы сауда жолдары, әсіресе Жібек жолының солтүстік тармағы өткен. Осы жолмен Қимақ елі Орта Азиямен, Сібірмен және Қытаймен байланыс орнатқан. Ортағасырлық деректерде қимақ қалаларының бірнешеуі аталады. Солардың ішіндегі ең белгілілері - Имақия, Карантия, Астур, Сараус және Джамукат. Бұл қалаларда қолөнер, сауда, металл өңдеу және егіншілік дамыған. Қалалардың құрылысы да өзінше ерекше болған.